

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 ақпандағы № 158 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 9 а қ п а н д а ғ ы
№ 1 5 8 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

Ескерту. Стратегиялық жоспар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 N 784 қаулысымен.

1-бөлім. Миссиясы мен пайымдауы

Миссиясы

Агроөнеркәсіптік кешенде мемлекеттің саясатын тиімді қалыптастыру және жүзеге асыру арқылы бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешенді құру.

Пайымдауы

Бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешенді құру.

2-бөлім. Ағымдағы жағдайды және қызметтің тиісті салаларының (аялар) даму үрдістерін талдау

1-стратегиялық бағыт. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту

Ауыл шаруашылығы жалпы өнім өндірісінің көлемі 2011 жылы 27 %-ға өсті және 2,2 трлн. теңгеден асты. Ауыл шаруашылығы өндірісінің осындай өсуі соңғы 10 жылдың ішінде ең жоғары көрсеткіш болып табылады.

2011 жылы ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі 4,4 мың АҚШ долларын құрады.

2011 жылы ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялардың келуі 22,4 %-ға өсіп, 107,4 млрд. теңгені құрады.

2011 жылы Агроөнеркәсіпті (бұдан әрі – АӨК) қолдау үшін республикалық бюджеттен 253 млрд. теңге бөлінді (2010 жылы – 233 млрд. теңге).

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ АӨК қаржыландыру көлемі 235 млрд. теңге құрады немесе 2010 жылдың деңгейінен 1,5 есе артық (151,5 млрд. теңге).

Сонымен қатар, агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілерін мемлекеттік қолдау субсидиялау, жеңілдетілген кредит беру, салық салу, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен халық болып саналатын негізгі тұтынушыларға (игілік алушы) арналған қызметтерді ақысыз түрде көрсету арқылы іске асырылады.

Ө с і м д і к ш а р у а ш ы л ы ғ ы .

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша 2011 жылы барлық ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы 21,2 млн. га, соның ішінде дәнді дақылдар – 16,2 млн. га, оның ішінде бидай 13,8 млн. га құрады. Майлы дақылдар 1,8 млн. га, мақта – 160,6 мың га, қант қызылшасы 21,0 мың га, картоп және бақша дақылдары тиісінше 184,2 және 196,5 мың га алқапқа егілді.

Дәнді дақылдар алқабы 2010 жылмен салыстырғанда 427,3 мың га (2,6 %) қысқарып, 16,2 млн. га құрады, бидай алқаптары 448,1 мың га қысқарып, 13,8 млн. га құрады.

Сонымен қатар, 2010 жылмен салыстырғанда дәндік жүгері алқабы – 2,2 мың га, дәнді бұршақ дақылдар – 19,9 мың га, күнбағыс – 85,8 мың га, соя – 8,9 мың га, зығыр – 95,8 мың га, мақта – 23,4 мың га, қант қызылшасы – 0,9 мың га, көкөніс-бақша дақылдары – 12,7 мың га, картоп – 4,4 мың га, жемшөптік дақылдар – 97,3 мың га ұ л ғ а й д ы .

Астық дақылдар өнімділігінің рекордтық көрсеткіш нәтижесінде (гектардан 17 центнер) 2011 жылы таза салмағында 27 млн. тонна жиналған болатын. Астықтың осы көлемі елдің ішкі қажеттілігін толығымен қамтамасыз етіп, 15 млн. тонна шамасында астықты экспортқа шығаруға мүмкіндік берді.

2011 жылы су ресурстарын сақтау технологияларын пайдаланумен астық дақылдары 11,7 млн. га алқапта (астық алқабының 72 %) өндірілген, ал астық дақылдары егіс алқаптарын 47 %-да егу және жинау жұмыстары заманауи жоғары өнімді егіс кешендерімен және комбайндармен жүргізілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2 %-ға жоғары.

Құрылымдық және технологиялық әртараптандыру бағдарламасын сәтті жүзеге асыру нәтижесінде үш жылдың ішінде майлы дақылдар алқаптарын екі еселеуге мүмкіндік болды (905 мың тоннадан 2011 жылы 1,8 млн. га-ға дейін). Өз кезегінде осы жағдай 1,1 млн. тонна майлы дақылдарды жинауға мүмкіндік беріп, өсімдік майына деген ішкі қажеттілікті қамтамасыз етті.

Жылыжайлар құрылысы белсенді дамыды. Жабық топырақтағы көкөніс дақылдарының жалпы жиналымы 28 мың тоннаны құрап, 2010 жылмен салыстырғанда 53 %-ға артты. Нәтижесінде, көкөніс дақылдарындағы елдің ішкі қажеттілігі маусым аралық кезеңде 29 %-ға қамтылған болатын.

Негізгі проблемаларды талдау

Сонымен қатар, өсімдік шаруашылығында өзекті мәселелер де бар. Олардың ішінде негізгі дақылдар бойынша өнімділіктің әлемдік өнімділік көрсеткіштерімен салыстырғанда төмен деңгейде болуы, астық тасығыштар мен астық және майлы дақылдарды сақтау қуаттарының тапшылығы, ауыл шаруашылығы өндірушілері білімінің жетіспеушілігі және агротехнологияларды өндірудің төмен деңгейі, тұқымдық материалдың төмен сапасы. Жеміс-көкөніс өнімдерін өндіру үшін негізгі тежеуші факторлар ұсақ тауарлы өндірушілер арасында бөлінген суарылатын жерлердің тапшылығы.

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау

Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізудің саланы одан ары дамытуына сыртқы факторы ретіндегі табиғат – ауа райлық жағдайлардан жоғары тәуекелін есепке алғанда ауыл шаруашылығы өнімі өндірісінің тұрақтылығын кепілдеу үшін өсімдік шаруашылығындағы сақтау жүйесін одан әрі дамытудың қажеттілігі бар.

Осыған байланысты, өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру жөніндегі қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру мақсатында сақтандыру компаниялары төлеген сақтандыру төлемдерін субсидиялау нысанында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, селекция, сортты сынаулар және тұқым шаруашылығы мәселесінің маңыздылығын есепке ала отырып, селекция жүйесінің дамуын, сорттар мен гибридтердің мемлекеттік және өндірістік сынауын, түпнұсқа және элиталық тұқымдардың өндірілуін, олардың бірінші - үшінші репродукцияға дейін тұқым шаруашылық желісінде көбеюін, мемлекеттік сорттық және тұқымдық бақылау жетілдіретін болады.

Өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімділігін ұлғайту және сапасын арттыру мақсатында тұқымдардың, оның ішінде, отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің егуіне арналған тұқымдардың сорттық және егістік сапасын мемлекеттік сараптауын қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Астық өндірісінің инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аударылатын болады,

өйткені дәнді дақылдар ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау құрылымында неғұрлым үлкен үлес алады. Элеваторлар мен астық тасығыштар жетіспеушілігі проблемасы астықты өңдеу мен сақтауға, сондай-ақ оны тасымалдауға арналған қуаттылықтарды құру және кеңейту есебінен шешілетін болады.

М а л ш а р у а ш ы л ы ғы .

2011 жылы республиканың мал шаруашылығы саласында ауыл шаруашылығы құрылымдарындағы малдың саны және мал шаруашылығы өнім өндірісінде оң серпін белгіленген, осында ірі қара малдың саны орта есеппен 12 %-ға, қой - 5 %-ға, жылқы - 17 %-ға, түйе – 6,2 %-ға, құс – 5,4 %-ға өсті.

Асыл тұқым жүйесінің шаруашылығында асыл тұқымды ірі қара малдың саны 178,8 мың бастан 196,2 мың басқа (10 %-ға) ұлғайды.

Еттің (сойылған түрінде) және жұмыртқаның өндірісі өткен жылғы деңгейде сақталды. Сүт өндірісі 3,0 %-ға төмендеді.

Соңғы 5 жыл ішінде құс етінің өндірісі 2 есе өсті (2006 жылы құс фабрикалары 55 мың тонна құс етін өндірген болатын). Сонымен қатар, өндірістегі отандық фабрикалардың үлесі республикадағы құс етінің жалпы өндірісінде 90 %-ды құрайды. Олармен 2011 жылы барлық санаттағы шаруашылықтармен өндірілген құс етінің 111 мың тоннадан 103 мың тоннасы өндірілген. Импорттық құс етінің үлестік салмағы 2006 жылғы 70 %-дан 2011 жылы 55 %-ға дейін төмендеді.

Мал шаруашылығы өнімінің өнеркәсіптік өндіріс жүйесінің құрылуына Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2011 жылдан бастап сәтті іске асырылып жатқан ірі қара мал етінің (бұдан әрі – ІҚМ) экспорттық әлеуетін дамыту жөніндегі жобасы әсерін тигізуде. Оның шеңберінде 2500 шаруа қожалықтарын құру жоспарланып отыр.

2011 жылдың қорытындылары бойынша 17,7 мың бордақылау орынға арналған бордақылау алаңдарының құрылысы қаржыландырылған, 13,5 мың бас етті ІҚМ әкелінген, шаруа және фермер қожалықтары 55,6 мың бас сүтті ІҚМ сатып алған.

Негізгі проблемаларды талдау

Оң өзгерістермен қатар мал шаруашылығы саласында өзекті мәселелер де бар. Мал шаруашылығы өнімінің үлкен үлесі халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарда (2012 жылдың 1 қаңтары бойынша жеке қосалқы шаруашылығында (бұдан әрі – ЖҚШ) 76,7 % ІҚМ, 67 % қой мен ешкі, 72,5 % шошқа, 62,7 % жылқы және 40,9 % құс) өндірілетініне байланысты мал шаруашылығы саласы келесі сипаттамаларға ие: жануарлардың төмен генетикалық әлеуеті, күтіп-бағудың заманауи технологиялардың және басқа технологиялардың аз қолданылуы төмен өнімділіктің және өнімнің төмен сапасына әкеліп соғады, ішкі нарықтағы артып отырған сұранысты қамтымай, өзіндік құнының жоғары болуына және бәсекеге қабілеттіліктің төмендеуіне, импортқа тәуелділіктің қалыптасуына әкеледі.

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау

Мал шаруашылығы саласын дамыту және тауар өндірушілерді өндірісін технологиялық қайта жаңғыртуға ынталандыру, сондай-ақ өндірілген мал шаруашылығы өнімдерінің көлемі мен сапасын арттыру мақсатында мал шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді мемлекеттік қолдауды жалғастыру ұсынылады. Мемлекеттік қолдау мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге жұмсалатын шығындарды өтеуге, ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басын азықтандыру үшін пайдаланылатын жемшөптің құнын арзандатуға бағыттталатын болады, бұл олардың санын өсіруді ынталандыруға мүмкіндік береді және соның салдарынан алынатын т ө л д і н с а н ы ұ л ғ а я д ы .

Асыл тұқымды малдардың үлес салмағын арттыру, етті малдың гендік қорын, сондай-ақ тауар өндірушілердегі ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділік сапасын қалпына келтіру және ұлғайту мақсатында отандық және шетелдік селекцияның асыл тұқымды өнімдерін сатып алу үшін ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді мемлекеттік қолдау жалғасатын болады.

Тауар өндірушілердің асыл тұқымды материал (малдар, тұқымдар және эмбриондар) сатып алу бойынша шығындарын өтеу мемлекеттік қолдаудың негізгі тәсілі болады.

Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы жануарларының сапалық құрамы мен тұқымдық сапаларын жақсартумен айналысатын тауар өндірушілерге асыл тұқымды аналық басты және асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу бойынша, сондай-ақ селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу бойынша шығындарын субсидиялау түрінде қолдау көрсетілетін болады.

Мемлекеттік қолдау қой шаруашылығын, жылқы шаруашылығын, түйе шаруашылығын және құс шаруашылығын дамытуға да таралатын болады, бұл ауыл шаруашылығы жануарларының жалпы табынындағы асыл тұқымды мал басының үлесін ұлғайту үшін жағдай жасайды және олардың өнімділігін арттырады.

Отандық құс фабрикаларына асыл тұқымдық материал (тәуліктік балапан және инкубациялық жұмыртқа) сатып алу бойынша қолдау көрсетілетін болады.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын субсидиялау 2011 жылы басталған ІҚМ етінің экспорттық әлеуетін арттыру жөніндегі жобаны одан әрі іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді .

АӨК өнімінің өндірісі және оны қайта өңдеу. Азық-түліктер өндірісінің көлемі өткен жылдың деңгейінде сақталған (747,4 млрд. т е н г е) .

Азық-түлік өнімі өндіріс құрылымындағы негізгі үлесті астық өңдеу (31,1 %), ет өңдеу (9,4 %), сүт өңдеу (10,2 %), балық өңдеу (3,2 %), жеміс-көкөніс (2,2 %), май өңдеу саласы (2,6 %) және шырын өндірісі (9,5 %) құрайды.

Көкөністер консервілерінің, макаронның, күріштің, шырындардың, маргариннің, шоколадтың, кондитерлік тағамдардың, өсімдік майының және шұжық өнімдерінің, сондай-ақ сүт өнімінің барлық түрлер өндірісінің өсуі байқалады.

2011 жылы қайта өңдеу өнімінің экспорттық көлемі 1 001,8 млн. АҚШ долларын құрап, 2010 жылмен салыстырғанда 3,4 %-ға артық. Экспорттық жеткізулер негізінен қышқыл сүт өнімдер, етті және етті-өсімдік консервілер, өңделген сүт, кондитерлік тағамдар және жеміс-көкөністік консервілер бойынша жүргізілген.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша негізгі капиталға деген жеке инвестициялар 4,4 %-ға (27,3-тен 28,5 млрд. теңгеге дейін), шетелдік инвестициялар 3,8 есе өсті (102-ден 384,9 млн. теңгеге дейін).

Негізгі проблемаларды талдау

Қайта өңдеу секторын дамытуды бәсеңдететін негізгі факторлар ретінде шикізаттың төмен сапасы және тапшылығы, сауда-логистикалық инфрақұрылымның дамымауы болып табылады, бұл қайта өңдеу қуаттылықтары жүктемесінің аз болуына әкеп соғады.

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында отандық өнім сапасын арттыру, азық-түлік тауарларының түр-түрін кеңейту және сол арқылы Кеден одағы бойынша біздің негізгі сауда серіктестерімен бәсекелестікке тең жағдайлар жасау үшін өндірісті техникалық және технологиялық қайта жарақтау, халықаралық сапа стандарттарына көшу өзекті болып қалуда.

Осыған байланысты, негізгі және аналым құралдарын сатып алу үшін ЕДБ алынған кредиттердің сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау арқылы ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау жалғастырылатын болады.

А О К т е х н и к а л ы қ қ а м т ы л у ы .

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер соңғы бес жылда озық шетелдік өндірушілердің барынша өнімділігі жоғары техникаларын сатып алуда. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы өндірісін энергиямен қамтамасыз ету 2002 жылмен салыстырғанда 19,5 %-ға өсті және 165 жылқы күшін немесе 100 гектар жыртылған жерге 123 кВт құрайды. Салыстыру үшін, Ресейде ауыл шаруашылығы өндірісінің энергиямен қамтамасыз етілуі 259 кВт, Германия, Голландия, Италияда – 350 кВт, Францияда - 364 кВт, Ұлыбританияда - 404 кВт, АҚШ-та – 405 кВт құрайды. Бұл ретте, мәселен жалпы техника санының 4,9 %-ын құрайтын «Хорш», «Джон-Дир», «Кейс», «Морис» өнімділігі жоғары егу кешендері егіс алаңдарының 35,2 %-ын егеді.

Негізгі проблемаларды талдау

Сонымен қатар, қазіргі таңда машиналар мен жабдықтардың абсолютті санының өсу серпініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы техникасы паркінің 80 %-ы тозған. Қазіргі таңда пайдаланудың нормативтік мерзімі 8-10 жыл кезінде 80 %-дан астам астық жинау комбайндары мен тракторларының орташа пайдаланылған жылы 13-14 жыл, 71 % астық жинау комбайндары, 93 % тракторлар және 95 % тұқым себетін машина есептен шығаруға жатады, ауыл шаруашылығы техникаларының қолда бар паркі жалпы 87 % шегінде тозған. 2004-2009 жылдары

техниканың қатардан шығып қалуының орташа коэффициенті оң болды (жылына 0,7 %).

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау

Ауыл шаруашылығы техникасының паркін жаңарту және кеңейту мақсатында лизинг құралын және лизинг төлемдерін субсидиялау тетігін пайдалана отырып мемлекеттік қолдауды жалғастыру қажет.

Ғылыми қамтамасыз ету және АӨК кадрларын даярлау.

Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі жылына 3,3 млрд. теңгеден астамды құрайды.

АӨК кадрларының даярлығы 18 мамандық бойынша 10 жоғары білім беру мекемесінде және 25 мамандық бойынша 168 техникалық және кәсіптік білім берудің ауылдық білім беру мекемесінде жүргізіледі.

Ең қажет етілетін агрономдар, зоотехниктер, ветеринариялық-санитариялық дәрігерлер мен фельдшерлер, фермер-менеджерлер, инженер-механиктер, ет және сүт өнімдерінің, астықты қайта өңдеу және нан пісіру өнеркәсібінің инженер-технологтары, техник-технологтар, техник-электриктер, техник-жерге орналастырушылар, шебер-жөндеушілер, электромонтерлер, тракторист-машинистер және тағы басқа мамандықтар.

Негізгі проблемаларды талдау

Қазақстанның салалық аграрлық ғылымының қазіргі жай-күйі жеткіліксіз қаржыландырумен, ғылыми әзірлемелерді енгізудің қиындығымен, білім тарату жүйесінің жеткіліксіз дамуымен, алдыңғы қатарлы шетелдік технологиялар трансфертінің дамымаған деңгейімен, инновацияларды енгізудің бастапқы сатыларында қолжетімді қаржыландырудың жоқтығымен, инновациялық әзірлемелерге деген дамымаған сұраныспен және т.б. сипатталады.

Аграрлық сала үнемі жоғары кәсіптік мамандардың жетіспеушілігін сезеді. Ол әсіресе саланың ерекшелігіне байланысты. Біріншіден, сала жалақысы ең төменгілердің қатарында (Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ауыл шаруашылығындағы орташа айлық жалақының мөлшері 36332 теңге, өнеркәсіпте 93043 теңге, республика бойынша 77482 теңге).

Екіншіден, ауылды жерлердің әлеуметтік инфрақұрылымы қалалықтан айтарлықтай артта қалады.

Үшіншіден, ауыл шаруашылығы қызметкерлерін еңбек жағдайлары басқа сала қызметкерлерінің еңбегінен анағұрлым қиындау. Осы аталған себептер аграрлық мамандықтар түлектерінің жұмысқа орналасудың төмен деңгейіне себепші болды.

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін білім беру және консультациялық қызметтерге қол жеткізуді арттыру мақсатында аграрлық ғылымын

реформалау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Аграрлық секторды кадрлармен қамтамасыз ету мониторингке сәйкес Ауыл шаруашылығы министрлігі ағымдағы оқу жылына мемлекеттік білім беру тапсырысты құру үшін Білім және ғылым министрлігіне АӨК мамандықтары бойынша кадрлар қажеттілігі туралы тапсырысын жыл сайын жолдайды.

2010 - 2011 оқу жылында бакалавриатта ауыл шаруашылығы – 1730 және ветеринариялық мамандықтары бойынша – 550, магистратурада: ауыл шаруашылығы – 110 және ветеринариялық мамандықтар бойынша – 50; 2011 - 2012 оқу жылында бакалавриатта ауыл шаруашылығы – 1930 грант орындары және ветеринариялық мамандықтар бойынша – 630, магистратурада: ауыл шаруашылығы – 372 және ветеринариялық мамандықтар бойынша – 110.

Фитосанитариялық қауіпсіздік.

Қазақстан Республикасындағы фитосанитариялық қауіпсіздік деңгейі Қазақстаннан өсімдік шаруашылығы өнімдерін шығаруға тыйым салу жағдайларының төмен санымен қанағаттанарлық деңгейде.

Фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында заманауи жабдықтарды қолдана отырып, карантиндік, ерекше қауіпті және зиянды организмдердің дамуы мен тарауының мониторингін уақтылы жүргізу, олардың таралу болжамын жасау, карантиндік зиянды организмдердің таралу ошақтарын оқшаулау мен жою жөніндегі және зиянды және ерекше қауіпті организмдерге қарсы күресу жөніндегі іс-шараларды өткізу үшін олардың таралу координаталарын айқындау қажет.

Ветеринариялық және азық-түлік қауіпсіздігі.

Ветеринария саласында тұрақсыздығы елдің АӨК дамуына негізгі қауіп болып табылатын республикадағы эпизоотиялық қолайлылықты және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мақсатты жұмыстар тұрақты негізде жүргізілуде.

Негізгі проблемаларды талдау

Ветеринариялық және азық-түлік қауіпсіздігі жүйесін дамытуды бірқатар факторлар бәсеңдетеді. Мал басының басым бөлігі жеке қосалқы шаруашылықтарда, бұл ветеринариялық бақылауды жүргізуді қиындатады. Қазіргі уақытта ақпараттық жүйелер «фермадан үстелге дейінгі» өнімнің жолын анықтауды, эпизоотиялық қадағалауды жүргізуге мүмкіндігін жасауды, ауру тарауының мониторингін жүргізуді және болжамдауды қамтамасыз етпейді. Ветеринариялық препараттардың, диагностикумдардың қатаң бақылауы жоқ. Қолданыстағы инфрақұрылым ветеринариялық қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз етпейді, ветеринариялық ұйымдар (коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар, облыстық және аудандық ветеринариялық зертханалар) барлық қажетті жабдықпен тиісті түрде жабдықталмаған.

2011 жылы 227 аса инфекциялық аурулардың ошағы тіркелген еді. Осының нәтижесінде Қазақстанның бірқатар облыстарында мал шаруашылығы өнімінің

экспортына тыйым салынған болатын.

Ең таралған аурулардың қатары ірі қара және кіші малдың бруцеллезі және лейкоз. 2011 жылы бруцеллездің 75038 ІҚМ және 32705 кіші мүйізді мал (бұдан әрі – КММ) сынақ сынама оң қорытындыны көрсетті, сондай-ақ лейкозға 58 046 оң сынама анықталды. Бұл 2010 жылмен салыстырғанда аурулар саны тиісінше 14 %, 15 % және 10 %-ға төмендегенін көрсетеді.

Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау

Ветеринариялық зертханалар қызметін халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру мақсатында 2007 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін зертханалардың құрылысы мен материалдық-техникалық жағдайын жаңарту бойынша жұмыс жүргізілуде. Осылайша, 11 облыстық, 15 аудандық ветеринариялық зертханалардың құрылысы аяқталды, олар жоғары сезгіш талдауларды жүргізуге арналған ең заманауи ж а б д ы қ т а р м е н қ а м т ы л ғ а н .

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы малын тиісті ветеринариялық-санитариялық жағдайларда сою жүйесін ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізілді. Соңғы екі жыл ішінде (2010 – 2011 жылдары) ауыл шаруашылық малын союдың 1553 нысаны (178 сою пункті, 1337 сою алаңы, 38 ет өңдеуші кәсіпорны) құрылды, жалпы республикалық қажеттілікті 89 %-ға қамтиды.

Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі – ДСҰ) жоспарланып отырған кіру ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден халықаралық тамақ қауіпсіздігі стандарттарына сәйкес келетін сапалы және қауіпсіз өнімді жеткізуді талап етеді. Осыған байланысты, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық шеңберінде заңнамалық база жетілдіріледі, Жануарлардың ауруларына қарсы күресу стратегиялары қайта қаралады, ауруларды бақылау, қадағалау және мониторингі үшін ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі бар зертханалардың кең таралған желісі қ ұ р ы л а т ы н б о л а д ы .

Бұдан басқа, алдын алу іс-шараларын жүргізу тиімділігінің негізіне халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ветеринариялық диагностикалық және иммундық алдын алу препараттарын қолдану жүйесі, оның ішінде әлемнің жетекші өндірушілері қатысатын отандық биоөнеркәсіпті кезең-кезеңімен дамыта отырып GMP/GLP алынатын болады.

3-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелердің көрсеткіштері

3.1-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелердің көрсеткіштері

1-стратегиялық бағыт. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту.

1.1-мақсат. Қазақстан Республикасы АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасау

Ескерту. 1.1-мақсатқа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1459 қаулысымен.

Осы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламалардың кодтары 001, 009, 023, 043, 048, 074, 082, 090, 212, 213, 214, 215, 216, 217, 220, 222, 223, 224, 225, 226.

Нысаналы индикаторлар (қол жеткізудің соңғы мерзімін (кезеңін) көрсете отырып)	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы қосылған құны	стат. деректер	өткен жылға %-бен	113,2	88,4	120,1	87,8	103	103,5	103
2. Өсімдік шаруашылығы өнімін өндірудің өсуі	стат. деректер	өткен жылға %-бен	124,8	77,4	158,9	72,4	106	103,7	104,4
3. Мал шаруашылығы өнімін өндірудің өсуі	стат. деректер	өткен жылға %-бен	102,3	102,6	99,6	96,2	102,5	103	103
4. Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі	стат. деректер	мың. теңге	415,2	372,3	492,3	500	515	530	546
5. Экспорттың жалпы көлеміндегі АӨК-тің экспорттық үлесі	есептік деректер	%	3,9	3,4	2,1	3,4	2	2,1	2,2
6. Азық-түлік тауарлары ресурстарының жалпы көлеміндегі олардың отандық өндірісінің үлесі	стат. деректер	%	67,8	73,6	73	73	75	80	80
7. Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдарының өсуі	стат. деректер	млн. га	21,4	21,4	21,2	21,5	21,5	21,5	22,0
8. Дәнді дақылдардың өнімділігі	стат. деректер	ц/га	12,6	8,0	16,9	8,6	10,0	7,8	8
9. Мыналарды қайта өңдеу үлесі:									
ет	есеп айырысу жолымен	%	21,5	23	24	24	25	26	27
сүт			27,4	31	31	34,4	36	38	40
қызанақ			8,8	10	11	10	11	12	12,5

10. АӨК-те практикалық қолданысқа енген отандық ғылыми әзірлемелер	есептік деректер	ед.	8	8	10	10	10	12	17
11. Дүниежүзілік экономикалық форумның бәсекеге қабілеттіліктің Жаһандық индексінің рейтингіндегі «Аграрлық саясаттың ауыртпалығы» көрсеткіші бойынша Қазақстан Республикасының позициясы	Дүниежүзілік экономикалық форумның есебі	рейтингтегі орын	78	49	49	40	40	39	39
12. Дүниежүзілік экономикалық форумның бәсекеге қабілеттіліктің Жаһандық индексінің рейтингіндегі Мемлекеттік органдар қабылдаған шешімдердің айқындығы» көрсеткіші бойынша Қазақстан Республикасының позициясы	« Дүниежүзілік экономикалық форумның есебі	рейтингтегі орын	75	53	32	29	29	28	27
13. Дүниежүзілік экономикалық форумның бәсекеге қабілеттіліктің Жаһандық индексінің рейтингіндегі Мемлекеттік қызметкерлердің шешімдеріндегі фаворитизм» көрсеткіші бойынша Қазақстан Республикасының позициясы	« Дүниежүзілік экономикалық форумның есебі	рейтингтегі орын	81	100	91	77	77	76	75
14. Дүниежүзілік экономикалық форумның бәсекеге қабілеттіліктің Жаһандық индексінің рейтингіндегі Саясаткерлерге қоғамдық сенімділік» көрсеткіші бойынша Қазақстан Республикасының позициясы	« Дүниежүзілік экономикалық форумның есебі	рейтингтегі орын	47	46	35	37	35	34	33

Нысаналы индикаторларға қол жеткізудің жолдары, құралдары және әдістері

1.1.1-міндет. Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық тұқымдары мен екпелерінің, бау-бақша жұмыстарының экономикалық қолжетімділігін арттыру

Ескерту. 1.1.1-міндет жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1459 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1580 қаулысымен.

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Субсидиялаумен қамтылған сатып алынған элиталық тұқымдар көлемі	есептік деректер	мың тонна	-	-	-	-	70,5	73,5	73,5
2. Субсидиялаумен қамтылған сатып алынған элиталық екпелер көлемі	есептік деректер	мың дана	-	-	-	-	3284	2433	2433
3. Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық көшеттерінің аналықтарын отырғызу алаңы	есептік деректер	га	-	-	-	-	12,86	12,86	12,86
4. Субсидиялаумен қамтылған «Апорт» сортты алма бағын отырғызу алаңы	есептік деректер	га	-	-	-	-	149,2	-	-

Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	Жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6
1. Бірегей және элиталық тұқымдарды субсидиялауды жүзеге асыру	-	-	X	X	X
2. Элиталық екпелерді субсидиялауды жүзеге асыру	-	-	X	X	X
3. Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық көшеттерінің аналықтарын отырғызуды субсидиялауды жүзеге асыру	-	-	X	X	X
4. «Апорт» сортты алма бағын отырғызуды субсидиялауды жүзеге асыру	-	-	X	-	-

1.1.2-міндет. Тұқымның сорттық және егістік сапасын сараптаудың экономикалық қолжетімділігін арттыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Тұқымдардың сапасын анықтауға арналған зерттеулер саны	есептік деректер	мың дана	-	-	-	-	330,4	330,4	330,4
					жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				

Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6
1. Тұқымдық және отырғызу материалдарының сорттық және егістік сапасының сараптауын жүргізу	-	-	X	X	X

1.1.3-міндет. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандырудың экономикалық қолжетімділігін арттыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Сақтаумен қамтылған егістік алқаптарының үлесі	есептік деректер	%	-	-	-	-	73	74	74
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1					2	3	4	5	6
1. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру кезінде сақтандыру төлемдерінің субсидиялануын жүргізу					-	-	X	X	X

1.1.4-міндет. Малды күтіп-бағудың және мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Ескерту. 1.1.4-міндет жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1459 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1580 қаулысымен.

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Құрама және құнарлы жемшөптерді арзандатуға берілетін субсидиялаумен қамтылған өндірілген еттің көлемі	есептік деректер	мың тонна	-	-	-	-	164,4	187,5	187,5
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1					2	3	4	5	6
1. Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялауды жүзеге асыру					-	-	X	X	X

1.1.5-міндет. Асыл тұқымды өнімнің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Ескерту. 1.1.5-міндет жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1459 қаулысымен.

			Есепті кезең	Жоспарлы кезең

5. Сатып алынған ұрғашы ІҚМ басының орташа саны	есептік деректер	бас	-	-	-	-	42000	-	-	
6. Аталық бұқалардың орташа саны	есептік деректер	бас	-	-	-	-	770	-	-	
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						Жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі				
						2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1			2	3	4	5	6			
1. АӨК субъектілеріне негізгі және айналым қаражатын толықтыруға берілген кредиттер мен лизингтің сыйақы мөлшерлемелерін өтеу			-	-	X	X	X			
2. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеуді арттыру үшін кредиттік серіктестер жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне кредит беруді қамтамасыз ету			X	X	-	X	-			
3. Асыл тұқымды ауыл шаруашылығы малдарын сатып алуды қаржыландыру, сондай-ақ асыл тұқымды ауыл шаруашылығы малдарын сатып алумен және жеткізумен байланысты шеккен шығыстарды өтеу			X	X	X	-	-			
4. Мал шаруашылығын дамытуға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге кредит беруді қамтамасыз ету			X	X	X	-	-			

1.1.7-міндет. Білім беру қызметтерінің, аграрлық ғылым нәтижелерінің және консультациялық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Аграрлық ғылымның нәтижелерінің білім беру және кеңес беру қызметтерімен қамтылған АӨК субъектілерінің саны	есептік деректер	бірлік	-	-	-	-	2375	2375	2375
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1			2	3	4	5	6		
1. АӨК ғылыми қамтамасыз етуді іске асыру, оның ішінде:									
- бағдарламалық-нысаналы			-	-	X	X	X		
- гранттық қаржыландыру			-	-	-	X	X		
- негізгі қаржыландыру			-	-	X	X	X		
2. Білім тарату жүйесін дамытуды іске асыру			-	-	X	X	X		
3. Аграрлық технологиялардың трансферт және коммерциялау жүйелерін жетілдіру және қызмет көрсету			-	-	X	X	X		
4. Бірлескен ғылыми-білім беру кешендерін (орталықтарын) құру			-	-	X	X	X		

5. АӨК субъектілерін ақпараттық-консультациялық қамтамасыз етуді жүзеге асыру	-	-	X	X	X
---	---	---	---	---	---

1.1.8-міндет. Фитосанитариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту

Ескерту. 1.1.8-міндетке өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1459

қаулысымен.

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Карантиндік және ерекше қауіпті зиянды организмдердің таралу қаупінің коэффициенті	есептік деректер	коэффициент	-	-	-	-	1,02	1	0,98
2. Жалпы егіс алаңдарымен салыстырғанда алаңдарды биоагенттермен өңдеумен қамту	есептік деректер	%	-	-	-	-	28,9	30,7	30,7
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар			жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі						
			2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл		
1			2	3	4	5	6		
1. Фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету			-	-	X	X	X		
2. Аса қауіпті зиянды зиянкестерге, ауыл шаруашылығы дақылдарының аурулары мен карантиндік объектілерге қарсы химиялық күресті жүргізу			-	-	X	X	X		
3. Аса қауіпті зиянды зиянкестерін, ауыл шаруашылығы дақылдарының аурулары мен карантиндік объектілерін анықтау бойынша маршруттық зерттеулерді жүргізу			-	-	X	X	X		
4. Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған биоагенттер (энтомофагтар) мен биопрепараттар құны бойынша ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің шығындарын субсидиялауды жүзеге асыру			-	-	X	X	X		

1.1.9-міндет. Ветеринариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту

Ескерту. 1.1.9-міндетке өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1459;

31.12.2013 N 1580 қаулыларымен.

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Өндірісі халықаралық стандарттар бойынша сертифицирталған ветеринариялық дәрмектерді қолдана отырып,		%	-	-	-	-	7	20	65

жануарлардың аса қауіпті аурулары диагностикалық зерттеулерінің үлесі	есептік деректер									
2. Өндірісі халықаралық стандарттар бойынша сертификатталған жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы иммунопрофилактикалық ветеринариялық дәрмектерді қолданудың үлесі (оның ішінде өндірісі GMP)	есептік деректер	%	-	-	-	-	24,89	30	40	
3 Ветеринариялық-зертханалық диагностиканы халықаралық стандарттар мен талаптарға сәйкестендіру мақсатында жарактандырылған аудандық ветеринариялық зертханалар саны	есептік деректер	бірлік	-	-	-	-	37	-	-	
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
						2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6					
1. Өндірісі халықаралық стандарт бойынша сертификатталған ветеринариялық препараттарды пайдалана отырып, инфекцияларға жануарлардың аса қауіпті ауруларына диагностикалық зерттеулер жүргізу	-	-	X	X	X					
2. Жергілікті деңгейде эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	-	-	X	X	X					
3. Ветеринария бойынша референттік зерттеулер жүргізу	-	-	X	X	X					
4. Жануарларға арналған ветеринариялық зертханалар мен виварийлерді салуды аяқтау	-	-	X	X	X					
5. Ветеринариялық зертханаларды материалдық-техникалық жабдықтау	-	-	X	X	-					
6. Жануарлардың аса қауіпті аурулары бойынша инфекциялардың ошақтарын уақтылы анықтау, оқшаулау және сауықтыру	-	-	X	X	X					
7. Өндірісі халықаралық стандарт бойынша сертификатталған жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық препараттар сатып алу	-	-	X	X	X					
8. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - ҚР АШМ) ведомстволық бағынысты ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтау	-	-	X	X	X					
9. Халықаралық стандарттарға сәйкес тамақ қауіпсіздігі мәселелері бойынша ветеринариялық заңнаманы жетілдіру	-	-	X	X	X					

1.1.10-міндет. Ауыл шаруашылығына агрохимиялық қызмет етудің тиімділігін арттыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Жыртылған жерлерді агрохимиялық байқап тексеру ауданы	есептік деректер	млн. га	-	-	-	-	3,5	3,5	3,5
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1				2	3	4	5	6	
1. Топырақтардың агрохимиялық құрамын айқындау жөніндегі ғылыми-әдістемелік қызмет көрсету					-	-	X	X	X

1.1.11-міндет. Ауыл шаруашылығы дақылдарын мемлекеттік сорттық сынау тиімділігін арттыру

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Ең өнімді және бағалы сорттарды айқындау бойынша сорттық сараптама саны	есептік деректер	бірлік	-	-	-	-	6725	6725	6725
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1				2	3	4	5	6	
1. Ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттық сараптама бойынша қызмет ету					-	-	X	X	X

1.1.12-міндет. Агроөнеркәсіптік кешенінің субъектілері үшін мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін дамыту

Ескерту. 1.1.12-міндетке өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1459 қаулысымен.

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Электрондық форматқа көшірілген мемлекеттік қызметтер үлесі	есептік деректер	%	-	-	-	-	31	51	62
2. Халыққа қызмет көрсету органдарына берілген мемлекеттік қызметтер үлесі	есептік деректер	%	-	-	-	-	2	6	13

нұсқамалардың орындалу үлесі	есептік деректер	%								
өсімдік шаруашылығы және фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы			-	-	-	-	85	87	88	
ветеринария саласындағы			-	-	-	-	86	88	89	
2. Мемлекеттік бақылау субъектілерін жоспарлы тексерулер санын азайту (тексеру жүргізудің жыл сайынғы жоспарына сәйкес):	есептік деректер	бірлік								
агроөнеркәсіптік кешендегі инспекцияда			-	-	-	-	22760	21117	19349	
ветеринарияда										
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
						2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1						2	3	4	5	6
1. Бақылау мен қадағалауды жүргізген кезде алдын алу сипатындағы және өсімдіктер карантині саласындағы заңнаманы бұзушылық үшін жауапкершілікті қатаңдату шараларын енгізуді көздейтін заң жобасының тұжырымдамасын әзірлеу						-	-	X	-	-
2. Ақпараттық жүйенің техникалық экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – ТЭН) әзірлеу және белгіленген тәртіппен бекіту						-	-	X	-	-

1.1.15-міндет. Гербицидтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Ескерту. 1-стратегиялық бағыт 1.1.15-міндетпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1459 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1580 қаулысымен.

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең					
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1. Субсидиялаумен камтылған сатып алынған гербицидтер көлемі	есептік деректер	мың литр	-	-	-	-	9929,4	-	-	
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар						Жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
						2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1						2	3	4	5	6
1. Гербицидтерді сатып алуға жұмсалған шығындарды субсидиялауды жүзеге асыру						-	-	X	-	-

1.1.16-міндет. Қаржылық сауықтыру

Ескерту. 1-стратегиялық бағыт 1.1.16-міндетпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1459 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1580 қаулысымен.

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру шеңберінде қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау көлемі	есептік деректер	млрд. теңге	-	-	-	-	0,02	-	-
2. Қарыз алушылардың АӨК субъектілерінің сауықтырылған кредиттік және лизингтік міндеттемелерінің саны	есептік деректер	лизинг/қарыз шарттарының саны	-	-	-	-	11	-	-
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезеңде іске асырудың мерзімі				
					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауды жүзеге асыру					-	-	X	-	-
2. АӨК субъектілерінің кредиттік міндеттемелерін қаржылай сауықтыру үшін олардың өтінімдерін қарау бойынша комиссияның отырысын өткізу					-	-	X	-	-

1.1.17-міндет. Суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын мониторингілеу мен бағалау

Ескерту. 1-стратегиялық бағыт 1.1.17-міндетпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 N 1580 қаулысымен.

Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Есепті кезең		Жоспарлы кезең				
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Суармалы жерлерді агромелиоративтік зерттеу	есептік деректер	мың га	-	-	-	-	1474	-	-
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі				
					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Жер мен суармалы суды тиімді және ұтымды пайдалану, тұздандудың, сортаңдандудың, тұздандудың және ирригациялық эрозияның алдын					-	-	X	-	-

алу мен суармалы жерлерге кері әсерді жұмсартуға бағытталған ұсынымдар мен іс-шаралар әзірлеу

3.2. Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттары	Стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттың атауы
1	2
1-стратегиялық бағыт. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту	
1.1-мақсат. Қазақстан Республикасы АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасау	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақты бірге қалаймыз!» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңарту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама, Агроөнеркәсіптік кешен қызметкерлерінің республикалық форумы

4-бөлім. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту

Ескерту. 4-бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1459; 31.12.2013 N 1580 қаулыларымен.

Мемлекеттік органның стратегиялық бағытының , мақсатының және міндетінің атауы	Мемлекеттік органның стратегиялық бағытын іске асыру бойынша іс-шаралары және мақсаты	Іске асырылу кезеңі
1	2	3
1-стратегиялық бағыт. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту	ҚР жоғары басшыларының бақылаудағы актілері мен тапсырмаларының орындалу мониторингін жүргізу	
1.1-мақсат. Қазақстан Республикасы АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасау	Бюджеттік өтінімдерді қалыптастыру кезінде Министрлік пен ведомствоға қарасты мекемелер қолданатын барлық қолданыстағы тиесілілік нормаларының шығындар нормаларының тексерісін жүргізуді қамтамасыз ету	
1.1.1-міндет. Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық тұқымдары мен екпелерінің, бау-бақша жұмыстарының экономикалық қолжетімділігін арттыру	Болашағы бар қызметкерлерді мансап бойынша көтерілуін қамтамасыз ету	
1.1.2-міндет. Тұқымның сорттық және егістік сапасын сараптаудың экономикалық қолжетімділігін арттыру	Бос лауазымдардың міндетін атқару бойынша конкурс жүргізу	
1.1.3-міндет. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандырудың экономикалық қолжетімділігін арттыру	Мемлекеттік қызметкерлерді бекітілген лимит бойынша ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясына	
1.1.4-міндет. Малды күтіп-бағудың және мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің		

